

XҒТАР 04.51.71
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-154-1-119-132>

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨЛШЕМІНДЕГІ СПОРТТЫҢ ОРНЫ

А.Б. Налшыбек¹, Р.Ә. Әлқожа^{*2}, Р.С. Саликжанов³

^{1,2,3}Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹asxat.nalshybek@bk.ru, ^{*2}ralkozha@gmail.com, ³ramazansattaruly@gmail.com)

Аңдатпа. Қазіргі қоғамда жастардың әлеуметтік мінез-құлқы мен өмірлік басымдықтарының өзгеруі ғылыми зерттеудің өзекті нысанына айналып отыр. Ұсынылып отырған мақала 18–25 жас аралығындағы қазақстандық жастардың құндылықтар жүйесіндегі спорт пен дене мәдениетінің орнын әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді талдауға арналады. Зерттеу аясында жастардың спортты декларативті қолдауы мен нақты физикалық белсенділігі арасындағы алшақтықтың әлеуметтік-құрылымдық, мәдени және мотивациялық детерминанттары зерделенді. Жұмыс сандық және сапалық әдістерді ұштастыру негізінде жүзеге асырылды: «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (2023) деректеріне қайталама талдау жүргізіліп, Алматы мен Астана қалаларының жастарымен тереңдетілген сұхбаттар (n=15) өткізілді. Зерттеу нәтижелері қалалық респонденттердің басым бөлігі спортты маңызды өмірлік құндылық ретінде танығанымен, тұрақты жаттығатындар үлесінің мәлімделген ұстаныммен салыстырғанда едәуір төмен екенін айқындады. Сапалық талдау барысында уақыт тапшылығы, экономикалық қолжетімсіздік, цифрлық енжарлық және медиа-индустрияның психологиялық қысымы ниеттің нақты іс-әрекетке ұласуын тежейтін басым факторлар ретінде анықталды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы «ниет пен іс-әрекет алшақтығы» феноменін отандық эмпирикалық материалдар арқылы негіздеуде, сондай-ақ символдық капитал, жоспарланған іс-әрекет және цифрлық хабитус ұғымдарын біріктіретін интегративті аналитикалық тәсілді қолдануымен сипатталады.

Негізгі ұғымдар: жастар, спорт, цифрлық енжарлық, цифрлық хабитус, ниет пен іс-әрекет алшақтығы, салауатты өмір салты, гендерлік мотивация.

Түсті: 04.07.2025; Жөнделді: 16.03.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Қазіргі таңда жастарды тек демографиялық ресурс қана емес, маңызды әлеуметтік топ ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан жас ұрпақтың өмірлік бағдарлары мен таңдауларын зерделеу отандық әлеуметтану ғылымының басымдықты бағыттарының бірі санатында танылады. Бүгінгі жастардың дүниетанымдық ұстанымдары мен практикалық таңдаулары болашақ қоғамның әлеуметтік құрылымдық дамуына тікелей ықпал ететіндіктен, олардың құндылықтар жүйесін зерттеу ерекше мәнге ие. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының соңғы жылдардағы мәліметтері (2023) жас буын арасында дене мәдениеті мен спортқа деген қызығушылықтың өсу үрдісін айқындайды. Спорт қазіргі уақытта тек физикалық жаттығу құралы емес, тұлғаны ішкі тәртіпке баулитын, жауапкершілік пен бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын іргелі әлеуметтену институты қызметін атқарады.

ДДҰ (2022) деректері физикалық белсенділіктің төмендеуін жұқпалы емес аурулардың негізгі тәуекел факторы ретінде анықтайды. Статистикаға сәйкес, әлемдегі әр төртінші ересек адам денсаулық үшін қажетті қозғалыс нормасын орындамайды, мұндай үрдіс медициналық жүйеге түсетін жүктемені күрт арттырады. Сондықтан спорттық мінез-құлық саласын құндылықтық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы айқын көрінеді. Батыстық және отандық ғылыми мектептерде спорттың әлеуметтік бірегейлік пен мәртебелік иерархиядағы рөлі кеңінен негізделген. Алайда қазақстандық жастардың спортқа қатысты декларативті қолдауы мен күнделікті тәжірибедегі төмен белсенділігі арасындағы алшақтық арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті қарастырылмаған.

Зерттеудің мақсаты: 18-25 жас аралығындағы қазақстандық жастардың құндылықтық иерархиясындағы спорттың шынайы мәртебесін айқындау, сондай-ақ респонденттердің жарияланған ұстанымдары мен нақты тәжірибесі арасындағы алшақтықтың әлеуметтік-құрылымдық себептерін теориялық тұрғыдан түсіндіру. Зерттеу шеңберінде спорт жай ғана физикалық жаттығу емес, жастар санасындағы маңызды «құндылық» ретінде қарастырылады.

Зерттеудің негізгі сұрақтары:

1. Қазіргі қазақстандық жастардың өмірлік бағдарларында спорт қандай құндылықтық орынға ие?
2. Жастардың спортқа қатысты позитивті көзқарасы мен төмен нақты белсенділігі арасындағы «ниет пен іс-әрекет алшақтығының» әлеуметтік-құрылымдық себептері қандай?
3. Жастардың спорттық іс-әрекетін күнделікті әдетке айналдырудың тиімді әлеуметтік-мотивациялық тетіктері қандай?

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жастардың спорттық практикаларын түсіндіруде символдық капитал (*Bourdieu, 1986*), жоспарланған іс-әрекет (*Ajzen, 1991*) және «цифрлық хабитус» ұғымдарын біріктіретін интегративті аналитикалық тәсілді қолдануымен сипатталады.

Әдебиеттерге шолу

Жастардың құндылықтар иерархиясындағы спорттың орны классикалық және заманауи теориялық тәсілдердің аналитикалық синтезін қажет етеді. Дене мәдениеті антикалық кезеңнен (*Plato; Aristotle*) ағартушылық дәуірге (*Locke, 1693*) дейін рухани

кемелдіктің алғышарты саналса, классикалық әлеуметтану шеңберінде қоғамдық ынтымақтастық (*Durkheim, 1893*) пен рационалданудың (*Weber, 1905*) тетігі ретінде орныққан. Алайда қазіргі қоғамда спорттық мінез-құлық ұжымдық мақсаттардан жеке тұлғаның «өзін-өзі жасау» жобасына өзгерді. Мұндай құбылыс жастардың субъективті таңдауы мен объективті мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтарды тудырады. Аталған тарихи тұжырымдамалар осы зерттеуде контекстік фон қызметін атқарады; негізгі аналитикалық жүктеме заманауи үш теориялық бағытқа шоғырланған.

Жастар санасындағы декларативті құндылықтар мен нақты тәжірибе арасындағы айырмашылықты түсіндіруде П. Бурдьенің «капитал» теориясы мен И. Айзеннің «жоспарланған іс-әрекет» моделінің интеграциясы шешуші мәнге ие. П. Бурдье (1986) спортты әлеуметтік мәртебеге жол ашатын символдық капиталдың ерекше нысаны ретінде қарастырады. Дегенмен, қазақстандық контексте аталған капиталды иелену ниеті (*intention*) мен оның практикалық жүзеге асуы (*behavior*) арасында айқын алшақтық көрінеді. П. Широн мен Т. Уэбб (2016) негіздеген «ниет пен іс-әрекет алшақтығы» (*intention-behavior gap*) феноменіне сәйкес, қолжетімді ресурстар – уақыт, энергия, қаржы тапшылығы жағдайында жоғары мотивацияның өзі нақты нәтижеге кепілдік бермейді. Осылайша, Бурдьенің символдық капитал тұжырымдамасы жастардың спортты мәртебелік ресурс ретінде қабылдауын негіздесе, Айзеннің жоспарланған іс-әрекет теориясы аталған құндылықтардың нақты мінез-құлыққа айналу механизмдерін талдауға жол ашады. И. Айзеннің (1991) тұжырымдамасы жастардың спорттық белсенділігін үш өлшемде қарастыруға мүмкіндік береді: жеке ұстаным (ниет), субъективті нормалар (әлеуметтік ортаның қысымы) және бақыланатын мінез-құлық деңгейі (ресурстар).

Қазақстандық жастардың жағдайында ниет пен субъективті нормалардың жоғары болуына қарамастан, бақылау ресурстарының жеткіліксіздігі құндылықтық алшақтықтың негізгі себебі ретінде көрінеді. Бұл жағдай посткеңестік урбанизация, оқу жүктемесінің жоғары болуы және жастардың цифрлық медианы белсенді тұтынуы сияқты құрылымдық факторлармен түсіндіріледі. Осы теориялық болжам зерттеу нәтижелерінде нақты деректер арқылы расталады. Толығырақ «Зерттеу нәтижелері» бөлімінде берілген.

Отандық әлеуметтану мектебіндегі (*Әбдірайымова, 2018; Садырова, 2020*) дәстүрлі «салауатты өмір салты» парадигмасы қазіргі цифрлық шындық тұрғысынан қайта қарауды қажет етеді. Осы орайда енгізілген «цифрлық хабитус» (*digital habitus*) ұғымы П. Бурдьенің хабитус теориясының цифрлық мәдениет жағдайындағы жаңа көрінісін сипаттайды: жастардың цифрлық ортада қалыптасқан, физикалық белсенділікті виртуалды тұтынумен алмастыруға бейім тұрақты мінез-құлық үлгілерін білдіреді. Осы зерттеуде аталған ұғым операциялдық тұрғыдан аптасына 20 сағаттан артық экран алдында өткізу және 3 реттен аз жаттығу өлшемдерімен анықталады. Ж. Бодрийярдың (1981) симуляция теориясымен байланыстыра отырып, «цифрлық енжарлық» (*digital passivity*) феноменін жай ғана әрекетсіздік емес, спорттың нақты практикадан визуалды имиджге ауысуы ретінде негіздейміз. Осылайша, жастар нақты жаттығудың орнына спорттық имидждерді бақылаумен шектеледі.

Осы зерттеуде жастардың спорттық мінез-құлық үш өзара байланысты деңгейдің қиылысында қарастырылады: құндылықтық деңгей (спорттың символдық капитал

ретіндегі маңызы), әлеуметтік-психологиялық деңгей (жоспарланған іс-әрекет теориясындағы ниет пен субъективті нормалар) және цифрлық мәдениет деңгейі (цифрлық хабитус пен цифрлық енжарлық). Теориялық шолу көрсеткендей, қазіргі әлеуметтану ғылымында жастардың спорттық мінез-құлқын цифрлық орта ықпалы мен құрылымдық шектеулердің өзара байланысы тұрғысынан кешенді түсіндіретін интегративті модельдер жеткіліксіз. Осыған байланысты жастардың спорттық практикаларына әсер ететін құндылықтық, институционалдық және цифрлық факторлардың байланысын эмпирикалық деңгейде талдау зерттеудің басты ғылыми бағдарын құрайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақсаттарына сәйкес деректерді жинау мен талдаудың аралас (mixed methods) дизайны таңдалды. Аралас зерттеу дизайны әлеуметтік құбылыстарды зерделеуде толықтыру принципіне негізделеді: сандық талдау құбылыстың таралу ауқымын көрсетсе, сапалық деректер оның әлеуметтік мағынасы мен тәжірибелік түсіндірмесін ашуға мүмкіндік береді (*Creswell & Plano Clark, 2011*). Мұндай тәсіл жастардың спорттық мінез-құлқындағы «ниет-іс-әрекет» алшақтығын әлеуметтік-құрылымдық тұрғыдан кешенді түсіндіруге негіз қалайды.

Сандық кезең. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (2023) жылдық баяндама деректеріне қайталама статистикалық талдау (secondary analysis) жүргізілді. Процесс барысында жастардың спортқа қатысты құндылықтық ұстанымдары мен нақты физикалық белсенділігі арасындағы сандық алшақтық өлшеніп, спорттық іс-әрекетке кедергі келтіретін факторлардың жиілік үлестірімі анықталды. Қайталама талдау тәсілі зерттеудің өкілділігін қамтамасыз ете отырып, авторлық сапалық деректермен салыстырмалы тексеруге жол ашады.

Сапалық кезең. Квоталық мақсатты іріктеу арқылы Алматы және Астана қалаларының 15 респондентімен (студенттер мен жас мамандар) тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Іріктеу критерийлеріне 18–25 жас аралығы, қалалық ортада тұру, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі енді. Респонденттер жаттығу жиілігіне қарай «белсенді» (аптасына 3 реттен көп, n=8) және «енжар» (аптасына 3 реттен аз, n=7) топтарға жіктелді. Сұхбаттар жартылай құрылымдалған (semi-structured) форматта өткізіліп, орташа ұзақтығы 45–60 минутты құрады. Сұхбатқа қатысқан 15 респонденттің 6-ы бакалавриат студенті, 5-еуі магистрант, 4-і жоғары білімді жас маман; 8-і Алматыдан, 7-і Астанадан.

Деректерді талдау процедурасы. Сапалық ақпаратты өңдеуде тақырыптық кодтау (thematic coding) әдісі қолданылды (*Braun & Clarke, 2006*). Талдау үш дәйекті кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде сұхбат транскриптітері толық оқылып, «ашық кодтау» арқылы алғашқы кодтар бөлінді. Онда респонденттердің спорттық тәжірибесі, кедергілері мен мотивациялары туралы пайымдаулары жеке мағыналық бірліктер ретінде белгіленді. Екінші кезеңде кодтар мазмұндық ұқсастығы бойынша топтастырылды (осьтік кодтау) – ұқсас мағыналы бірліктер жоғары деңгейлі тақырыптарға біріктірілді. Үшінші кезеңде алынған тақырыптар теориялық категориялармен – символдық капитал (*Bourdieu, 1986*), бақыланатын мінез-құлық (*Ajzen, 1991*), цифрлық хабитус -салыстырылып, теориялық тексеруден өтті. Нәтижесінде жастардың спорттық белсенділігіне ықпал ететін негізгі


факторлар тобы анықталды. Кодтаудың ішкі сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында алынған категориялар екі зерттеуші тарапынан тәуелсіз түрде тексерілді.

Зерттеу этикасы. Деректерді жинау мен өңдеу барысында халықаралық этикалық стандарттар, атап айтқанда Хельсинки декларациясының (2013 ж. редакциясы) талаптары толық сақталды. Зерттеуге қатысу ерікті негізде жүзеге асырылды; барлық респонденттер зерттеудің мақсаты мен деректерді пайдалану тәртібі туралы алдын ала хабардар етіліп, ауызша келісімдерін білдірді. Респонденттердің жеке басының құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында қатысушылар P1–P15 шифрлары арқылы анонимдендірілді.

Зерттеу нәтижелері


Сандық зерттеу нәтижелері

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (2023) деректеріне авторлардың қайталама талдауы негізінде, қазақстандық жастардың басым бөлігі (76,7%) спортты құндылық ретінде қолдайтынын мәлімдегенімен, олардың теказ бөлігі ғана оны жүйелі практикалық әрекет деңгейінде жүзеге асырады. Сауалнама нәтижелері респонденттердің 42,71%-ы осы ұстанымды нық қолдайтынын, ал 34,03%-ы ұқсас пікірге бейім екенін көрсетті. Керісінше, салауатты өмір салтын теріске шығаратын топтың үлесі небәрі 16,32%-ды құрайды. Оның ішінде респонденттердің бір бөлігі (7,99%) спортты қажетсіз деп санаса, қалғандары өмірлік басымдықты өзге бағыттарға беретінін алға тартады (1-сурет). Қалған респонденттер нақты позициясын айқындамаған немесе жауап беруден бас тартқан.




Сурет 1. Жастар үшін дене шынықтыру мен спорттың маңыздылық дәрежесі (дереккөз: «Жастар» F30, 2023 негізінде авторлармен құрастырылған).

Спортпен жүйелі айналысудың негізгі артықшылықтары ретінде денсаулықты нығайту (57,34%), психологиялық әл-ауқатты жақсарту (19,23%) және өзін-өзі бағалауды арттыру (14,69%) факторлары ерекшеленді. Зерттеу нәтижелері спорттың тек физикалық емес, психологиялық денсаулыққа да ықпал ететінін көрсетеді (2-сурет).



Сурет 2. Дене шынықтыру мен спорттың негізгі артықшылықтары (дереккөз: «Жастар» ҒЗО, 2023 негізінде авторлармен құрастырылған).

Жастардың 74,4%-ы салауатты өмір салтын қағидаттарын ұстануды маңызды деп есептегенімен, нақты іс-әрекет деңгейінде бірқатар шектеулер байқалады. Салауатты өмір салтының негізгі компоненттері ретінде дұрыс тамақтану (27,85%) мен жүйелі дене шынықтыру (18,57%) көрсетілген. (3-сурет).



Сурет 3. Жастардың салауатты өмір салты қағидаттары (дереккөз: «Жастар» ҒЗО, 2023 негізінде авторлармен құрастырылған).

Қайталама талдау барысында жастардың ниеті мен нақты іс-әрекеті арасындағы алшақтыққа ықпал ететін факторлар жүйеленді. Спорттық белсенділікке кедергі болатын басты себеп ретінде респонденттердің басым бөлігі уақыт тапшылығын (38,7%) атады. Бұл көрсеткіш оқу мен жұмыс кестесінің тығыздығы спортты күнделікті тәртіптің екінші деңгейіне ығыстыратынын дәлелдейді. Кедергілер тізімінде сондай-ақ энергия жетіспеушілігі мен шаршау (20,8%), мотивацияның төмендігі (17,1%) және жеке тәртіптің жеткіліксіздігі (12,2%) басым орын алды.

Сонымен қатар, экономикалық және инфрақұрылымдық факторлар да маңызды рөл атқарады: респонденттердің 10,3%-ы спорттық қызметтердің құнын, ал 5,4%-ы арнайы нысандардың қолжетімсіздігін алға тартады. Өзге факторлар қатарында денсаулық жағдайы (4,6%) мен өзге де субъективті себептер спортпен тұрақты шұғылдануға шектеу қояды.

Деректер ниет пен іс-әрекет арасындағы алшақтық нақты сандық өлшемін айқындауға мүмкіндік берді. Респонденттердің 76,7%-ы спортты өмірлік басымдық ретінде танығанымен, олардың тек 33,3%-ы ғана аптасына 3 реттен көп тұрақты жаттығатынын білдірді.

Сапалық зерттеу нәтижелері

Тереңдетілген сұхбаттарды (n=15) талдау барысында жастардың спорттық мінез-құлқына ықпал ететін жеті негізгі фактор анықталды (1-кесте). Сұхбатқа қатысқан екі топтың -физикалық белсенді (n=8) және спортпен жүйелі айналыспайтын (n=7) -жауаптарын салыстырмалы талдау олардың мақсат-ниеттеріндегі айырмашылықты айқын көрсетті. Белсенді топ өкілдері спортты күнделікті тәртіптің ажырамас бөлігі, өзін-өзі тәртіпке баулу құралы ретінде қабылдайтынын білдірді. Ал белсенділігі төмен топ өкілдері спорттың маңыздылығын жалпы деңгейде мойындай отырып, оны нақты іс-әрекетке айналдыруға кедергі болатын факторларды -уақыт тапшылығын, қаржылық шектеулікті, цифрлық тұтынуды -басым себеп ретінде алға тартты.

1-кесте. Қазақстандық жастардың спорттық белсенділігіне кедергі келтіретін негізгі мәселелер

№	Фактор	Эмпириялық негіз (респонденттер пікірлері)	Әлеуметтік салдары
1	Ниет пен іс-әрекет алшақтығы	«Спорт ол жақсы, бірақ мәжбүрлеу емес. Әркім өзі шешеді. Семіз болса да, арық болса да әркімнің таңдауы» (P14)	Спорт құндылық ретінде мойындалады, алайда күнделікті тұрақты тәжірибеге айналмайды
2	Гендерлік мотивацияның айырмашылығы	Ерлер үшін спорт-күш пен төзімділік, әйелдер үшін-сыртқы келбет: «Қыздар үшін форма маңызды» (P5)	Гендерлік рөлдер спорттық қатысу формаларын әртүрлі бағытта қалыптастырады
3	Уақыт тапшылығы	«Университет, үй тапсырмалары, қосымша курстар. Қашан жаттығуға барасың? Ақша табу керек, оқу керек...» (P13)	Оқу және жұмыс жүктемесі спортқа жүйелі уақыт бөлуге мүмкіндік бермейді
4	Экономикалық қолжетімділіктің төмендігі	«Фитнес-клубқа айына 25-30 мың теңге төлеу студент үшін қымбат» (P10)	Коммерциялық спорт қызметтері жастардың бір бөлігі үшін қолжетімсіз
5	Цифрлық енжарлық	«Үйге келгенде шаршап қаламын, телефон қарап демаламын» (P15)	Гаджеттерді тұтыну физикалық белсенділікті ығыстырады
6	Медиа қысымы	«Әлеуметтік желілерде сымбатты адамдарды көргенде өзіңді салыстырасың да, өзіңнің бағалауың түсіп кетеді» (P2)	Әлеуметтік желілер психологиялық қысым тудырып, спортты сыртқы талапқа айналдырады
7	Символдық капиталдың әлсіздігі	«Спорт пайдалы, бірақ ол арқылы қоғамда белгілі статус аламын деп ойламаймын» (P9)	Спорт әлеуметтік мәртебе мен символдық капитал көзі ретінде толық орнықпаған

Ескерту. Зерттеу Алматы және Астана қалаларында жүргізілді. Анықталған факторлар негізінен мегаполистік ортаға тән болғанымен, қазақстандық жастар арасындағы кейбір жалпы үрдістерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Ниет пен іс-әрекет арасындағы алшақтық

Зерттеу нәтижелері спортқа қатысты сөзбен қолдау мен нақты іс-әрекет арасындағы айқын алшақтықты көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі спорт пен салауатты өмір салтының маңызын мойындағанымен, физикалық белсенділігі төмен топ оны әлеуметтік міндеттен гөрі жеке таңдау ретінде қабылдайды. Мәселен, Р14 спорттың пайдалы екенін қолдай отырып, оны азаматтық, не әлеуметтік талап ретінде бағалауға қарсы екенін білдірді.

Гендерлік ерекшеліктер

Спорттық мотивацияның гендерлік жіктелуі анықталды. Ер респонденттер спортты көбіне практикалық мақсатпен (денсаулықты сақтау, күш пен төзімділікті арттыру) байланыстырса, әйелдер үшін ол сыртқы келбет пен бейнемен байланысады. Бұл айырмашылық қазіргі медиа-кеңістікте орныққан гендерлік үлгілердің жастардың құндылықтық бағдарларына ықпалын көрсетеді.

Жүйелі кедергілер: уақыт және экономикалық қолжетімсіздік

Уақыт тапшылығы мен экономикалық қолжетімсіздік спорттық белсенділікке жүйелі кедергі ретінде көрінеді. Р13 оқу жүктемесі мен қосымша курстардың спортқа тұрақты уақыт бөлуге мүмкіндік бермейтінін атап өтсе, Р10 коммерциялық спорт қызметтерінің студенттер үшін қаржылық тұрғыдан қолжетімсіз екенін көрсетті.

Цифрлық енжарлық және медиа ықпалы

Зерттеуде цифрлық енжарлық феномені анықталды. «Цифрлық хабитус», яғни цифрлық әдет, нақты өлшем ретінде аптасына 20 сағаттан артық экран алдында өткізу және 3 реттен аз жаттығу көрсеткіштерімен белгіленді. Респонденттердің бір бөлігі қозғалысқа негізделген демалыстың орнына гаджеттерге негізделген цифрлық бос уақытты таңдауға бейім екенін көрсетті. Бұған қоса, медиа-индустрияның психологиялық ықпалы ерекше атап өтілді: әйел респонденттер әлеуметтік желілерде ұсынылатын «идеалды дене» бейнелерінің өз-өзіне сенімсіздік тудыратынын айтты. Нәтижесінде спорт практикалық әрекеттен гөрі көзге көрінетін, бейнелік сипатқа ие бола бастайды.

Символдық капитал мәселесі

Спорттың біріктіруші әлеуметтік әлеуеті мойындалғанымен, оны қоғамдық мәртебе мен әлеуметтік артықшылыққа қол жеткізудің тиімді тетігі ретінде қабылдау әлсіз болып шықты. Респонденттердің пікірінше, спорт жеке денсаулық пен өзін-өзі дамыту құралы ретінде қарастырылады. Бұл деректер П. Бурдьенің символдық капитал (қоғамдағы беделі мен мәртебесі) тұжырымдамасының қазақстандық жастар ортасында толық іске аспай отырғанын көрсетуі мүмкін: спорт әлеуетті символдық капитал ретінде танылғанымен, ол әлеуметтік статус пен капитал жинақтаудың орныққан механизміне айналмаған.

Сапалық зерттеу нәтижелері сандық деректермен үйлесімді түрде толықтырылады: екі әдіс те жастар арасындағы ниет пен іс-әрекет арасындағы алшақтық, спортты маңызды деп санай отырып, оны тұрақты практикаға айналдыра алмауды растайды. Анықталған факторлар жеке мотивация мен жүйелі жағдайлардың бірлескен ықпалынан туындайтынын көрсетеді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері мен теориялық модельдердің аналитикалық синтезі жастардың спорттық мінез-құлқындағы терең қайшылықтарды ашады.

Жастардың өмірлік бағдарларындағы спорттың орнына қатысты сандық деректер аталған құбылыстың сана деңгейінде жоғары мәртебеге ие екенін айқындайды. Респонденттердің басым бөлігі (76,7%) спортты маңызды өмірлік құндылық ретінде бағалағанымен, тұрақты жаттығатындар үлесі небәрі 33,3% құрайды. Мұндай ниет-іс-әрекет алшақтығы спорттың саналық деңгейде «идеал» құндылық ретінде орныққанын, алайда нақты іс-әрекетте толық көрінбейтінін көрсетеді. П. Бурдьенің (1986) символдық капитал тұжырымдамасы мен И. Айзеннің (1991) жоспарланған мінез-құлық теориясының бірлесуі осы алшақтықтың әлеуметтік табиғатын ашады: спорт жастар үшін әлеуметтік мәртебе мен «идеалды мен» бейнесін қалыптастыратын символдық капитал ретінде құнды, бірақ уақыт (38,7%) пен энергия (20,8%) секілді қолда бар мүмкіндіктердің жетіспеуі оны жүзеге асыруды қиындатады. P13 респондентінің «Университет, үй тапсырмалары... Қашан жаттығуға барасың?» деген пайымдауы уақыт тапшылығының жеке мотивация мәселесінен гөрі, жүйелі сипат алатынын негіздейді.

Сапалық талдау анықталған ниет-іс-әрекет алшақтығының құрылымдық және мәдени факторлардың өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасатынын айқындады. Гендерлік ерекшеліктер мұнда маңызды рөлге ие: ер жастар спортты практикалық мақсатпен байланыстырса, әйел жастар оны сыртқы келбетпен байланыстырады. P5 респондентінің «Қыздар үшін форма маңызды» деген пікірі медиа-кеңістіктегі гендерлік бейнелердің спорттық бағдарларға тікелей ықпалын нақтылайды. Зерттеуде енгізілген «цифрлық хабитус» және «цифрлық енжарлық» категориялары жастардың бос уақытын виртуалды тұтынуға бағыттайтын тұрақты әдет-дағды жүйесі ретінде қарастырылады. P15 респондентінің «Үйге келгенде шаршап қаламын, телефон қарап демаламын» деген сөзі цифрлық енжарлықтың жай ғана әрекетсіздік емес, физикалық белсенділікті виртуалды мазмұнмен алмастыру процесі екенін дәлелдейді. Мұнда Ж. Бодрийярдың (1981) симуляция логикасы көрініс табады: жастар нақты жаттығумен айналысудың орнына, әлеуметтік желілердегі спорттық имидждерді тұтыну арқылы психологиялық қанағаттану алады. Осылайша, спорт нақты физикалық практикадан бейнелік тұтынуға айналады.

Спорттық белсенділікті жүйелі физикалық белсенділікке айналдыру тетіктері инфрақұрылымның икемділігін арттыруды қажет етеді. Уақыт тапшылығын негізгі кедергі ретінде көрсеткен респонденттердің үлесін (38,7%) ескере отырып, қысқа мерзімді бағдарламалар мен экспресс-жаттығу форматтарын дамыту қажеттілігі туындайды. Цифрлық хабитусты ынталандырушы ресурсқа айналдыру мақсатында ойындастыру (геймификация) принциптерін (*Deterding et al., 2011*) қолдану -мобильді қосымшалар арқылы бонустық тетіктерді енгізу -тиімді стратегия санатында танылады. P2 респонденті сипаттаған медиа қысымы мен сыртқы стандарттардың теріс ықпалын азайту үшін спортты ішкі мотивацияға негізделген құндылық ретінде насихаттау негізгі ұсыныс ретінде алға тартылады.

Түйіндей келгенде, жастардың спорттық мінез-құлқы жеке таңдау шеңберінен асып, құрылымдық, мәдени және цифрлық факторлардың тоғысында қалыптасатын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде сипатталады. Жастар арасында дене шынықтыру мен спортты ілгерілетудің мемлекеттік стратегиясы тек мотивациялық тетіктермен шектелмей, инфрақұрылымдық қолжетімділік пен цифрлық мәдениеттің трансформациясын ескеретін кешенді парадигмаға негізделуі тиіс.

Қорытынды және ұсыныстар

Жүргізілген зерттеу 18-25 жас аралығындағы ірі қалалардағы (Алматы мен Астана) қазақстандық жастардың құндылықтар жүйесіндегі спорттың орнын кешенді талдауға мүмкіндік берді. Сандық және сапалық тәсілдерді ұштастыру арқылы спортқа қатысты сөзбен қолдау мен нақты іс-әрекет арасындағы алшақтық зерттеу нәтижелері негізінде дәлелденді.

Құндылықтық парадокс: ниет пен іс-әрекет алшақтығы

Зерттеу нәтижелері жастардың спортқа қатысты құндылықтық ұстанымдары мен нақты әрекеттері арасындағы қайшылықты айқындады. Сөзбен қолдау мен нақты практика арасындағы 43,4%-дық алшақтық қазіргі жастардың спорттық мәдениетіндегі негізгі себеп санатында танылады. Аталған алшақтық жоспарланған іс-әрекет теориясы шеңберінде негізделеді (*Ajzen, 1991*): жастардың ниеті мен әлеуметтік нормалары жоғары болғанымен, қолда бар мүмкіндіктер - уақыт тапшылығы (38,7%), энергия жетіспеушілігі (20,8%) - айтарлықтай шектеулі. Цифрлық енжарлық факторы физикалық белсенділікті виртуалды тұтынумен алмастырудың жаңа формасы ретінде көрініс табады. Соның салдарынан спорттық іс-әрекет нақты тәжірибеден гөрі цифрлық кеңістіктегі бақылау объектісіне айналуда.

Символдық өзгеріс: спорттың қолданбалы сипаты

Символдық капитал тұжырымдамасы (*Bourdieu, 1986*) отандық жастар арасында қолданбалы бағытта сипатталды. Спорттық белсенділік ішкі қажеттілік емес, «табысты тұлға» бейнесін нығайтатын сыртқы белгі ретінде бағаланады. Спорт дәстүрлі әлеуметтік өрлеу құралынан гөрі цифрлық кеңістіктегі визуалды бейнені қалыптастыру тетігіне айналған. Зерттеу нәтижелері «цифрлық хабитус» ұғымын П. Бурдьенің хабитус теориясының цифрлық мәдениет жағдайындағы жаңа көрінісі ретінде айқындайды.

Гендерлік ерекшеліктер және медиа ықпалы

Сапалық талдау барысында гендерлік мотивацияның айырмашылығы байқалды: ер жастар спортты практикалық мақсатпен байланыстырса, әйел жастар үшін ол сыртқы келбетпен байланысады. Заманауи медиа-мәдениеттегі «мінсіз дене» стандарттары жастардың психологиялық өзін-өзі бағалауына тікелей ықпал ететіні нақтыланды.

Практикалық ұсыныстар мен шектеулер

Зерттеу нәтижелері негізінде бірнеше бағыт айқындалды. Біріншіден, инфрақұрылымның икемділігін арттыру - экспресс-жаттығу зоналарын кеңейту - уақыт тапшылығын негізгі кедергі ретінде атаған респонденттер (38,7%) сұранысына тиімді жауап бере алады. Екіншіден, цифрлық енжарлықты ынталандырушы ресурсқа айналдыру мақсатында мобильді қосымшалар арқылы спорттық белсенділікке бонустық жүйелерді енгізу орынды. Үшіншіден, спортты уақытша сән трендінен тұрақты әлеуметтік нормаға айналдыру үшін цифрлық кеңістіктегі ықпалды тұлғаларды пайдалану маңызды стратегиялық бағыт санатына жатады.

Зерттеудің шектеулері: зерттеу тек ірі қалаларды Алматы мен Астананы қамтығандықтан, нәтижелер қалалық жастардың тәжірибесін көрсетеді және жалпы қазақстандық жастарға толық жалпылауға жатпайды. Болашақта өңірлік орталықтар

мен ауылдық жастарды қамтитын, ұлттық деңгейде өкілді үлгіге негізделген және қалалық-ауылдық салыстыруды жүзеге асыратын кеңейтілген сауалнама ($n \geq 600$) жүргізу қажеттілігі туындайды.

Авторлардың қосқан үлесі

А. Б. Налшыбек – алғашқы мәліметтерді жинау және әдебиеттерге шолуды жасады. Мақала мәтінін академиялық стандарттарға сәйкес жазуға жауапты болды.

Р. Ә. Әлқожа – алынған мәліметтерді талдап, негізгі қорытындыларды тұжырымдап, материалды редакциялады.

Р. С. Саликжанов – алынған мәліметтерді талдап, материалды редакциялады және жалпы басшылық жасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ajzen, I. (1991) 'The theory of planned behavior', *Organizational Behavior and Human Decision Processes*, 50(2), pp. 179–211.
2. Aristotle (1998) *Politics*. Translated by C.D.C. Reeve. Indianapolis: Hackett Publishing.
3. Baudrillard, J. (1981) *Simulacra and Simulation*. Paris: Galilée.
4. Bourdieu, P. (1986) 'The forms of capital', in Richardson, J. (ed.) *Handbook of Theory and Research for the Sociology of Education*. New York: Greenwood Press, pp. 241–258.
5. Braun, V. and Clarke, V. (2006) 'Using thematic analysis in psychology', *Qualitative Research in Psychology*, 3(2), pp. 77–101.
6. Coakley, J. (2009) *Sports in Society: Issues and Controversies*. 10th edn. New York: McGraw-Hill.
7. Creswell, J.W. and Plano Clark, V.L. (2011) *Designing and Conducting Mixed Methods Research*. 2nd edn. Thousand Oaks: SAGE Publications.
8. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R. and Nacke, L. (2011) 'From game design elements to gamefulness: defining gamification', in *Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference*. New York: ACM, pp. 9–15.
9. Durkheim, E. (1893) *The Division of Labour in Society*. London: Macmillan.
10. Giulianotti, R. (2004) *Sport and Modern Social Theorists*. London: Palgrave Macmillan.
11. Locke, J. (1693) *Some Thoughts Concerning Education*. London: A. and J. Churchill.
12. Plato (2007) *The Republic*. Translated by D. Lee. London: Penguin Classics.
13. Sheeran, P. and Webb, T.L. (2016) 'The intention-behavior gap', *Social and Personality Psychology Compass*, 10(9), pp. 503–518.
14. Weber, M. (1905) *The Protestant Ethic and the Spirit of Capitalism*. London: Allen & Unwin.
15. World Health Organization (2022) *Global status report on physical activity 2022*. Geneva: WHO Press.
16. Әбдірайымова, Г.С. (2018) 'Қазақстан жастарының әлеуметтік мобильділігі: денсаулық және спорт факторлары', *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Әлеуметтану және саясаттану сериясы*, (3), 45–53 бб.
17. Садырова, М.С. (2020) 'Жастардың салауатты өмір салтына қатысты құндылықтық бағдарлары', *Қоғам және дәуір*, (2), 112–121 бб.
18. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы (2023) *Қазақстан жастарының құндылықтары мен өмірлік бағдарлары: жылдық баяндама*. Астана: «Жастар» ҒЗО.

А.Б. Налшыбек¹, Р.Э. Әлқожа², Р.С. Салиқжанов³

^{1,2,3} Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

МЕСТО СПОРТА В ЦЕННОСТНОМ ИЗМЕРЕНИИ МОЛОДЕЖИ

Аннотация. В современном обществе трансформация социального поведения и жизненных приоритетов молодежи становится актуальным объектом научного исследования. Данная статья посвящена комплексному социологическому анализу места спорта и физической культуры в системе ценностей казахстанской молодежи в возрасте 18–25 лет. В рамках исследования изучены социально-структурные, культурные и мотивационные детерминанты разрыва между декларативной поддержкой спорта и реальной физической активностью молодежи. Работа реализована на основе сочетания количественных и качественных методов: проведен вторичный анализ данных Научно-исследовательского центра «Молодежь» (2023), а также углубленные интервью с жителями городов Алматы и Астаны (n=15). Полученные результаты показали, что, несмотря на то что большинство городских респондентов признают спорт важной жизненной ценностью, доля регулярно занимающихся значительно ниже декларируемых позиций. Качественный анализ выявил дефицит времени, экономическую недоступность, цифровую пассивность и психологическое давление медиаиндустрии в качестве доминирующих факторов, препятствующих реализации намерений в конкретные действия. Научная значимость исследования состоит в обосновании феномена «разрыва между намерениями и действиями» на отечественном материале, а также в применении интегративного аналитического подхода, объединяющего концепции символического капитала, теории запланированного поведения и цифрового хабитуса.

Ключевые слова: молодежь, спорт, цифровая пассивность, цифровой хабитус, разрыв между намерениями и действиями, здоровый образ жизни, гендерная мотивация.

A.B. Nalshybek¹, R.A. Alkozha², R.S. Salikzhanov³

^{1,2,3} L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE PLACE OF SPORT IN THE VALUE DIMENSION OF YOUTH

Abstract. In contemporary society, the transformation of social behavior and life priorities among young people has become a relevant object of scientific inquiry. This article presents a comprehensive sociological analysis of the role of sports and physical culture in the value system of Kazakhstani youth aged 18–25. The study examines the socio-structural, cultural, and motivational determinants of the gap between the declarative support for sports and the actual physical activity of young people. The research was conducted using a mixed-methods approach: a secondary analysis of data from the Youth Research Center (2023) was carried out, along with in-depth interviews with urban residents of Almaty and Astana (n=15). The findings revealed that, although the majority of urban respondents recognize sports as an important life value, the proportion of those who exercise regularly is significantly lower than their stated positions. Qualitative analysis identified time scarcity, economic inaccessibility, digital passivity, and psychological pressure from the media industry as dominant factors preventing intentions from translating into actual behavior. The scientific significance of the study lies in substantiating the intention-behavior gap phenomenon using domestic data, as well as in applying an integrative analytical framework that combines the concepts of symbolic capital, the theory of planned behavior, and digital habitus.

Keywords: youth, sports, digital passivity, digital habitus, intention-behavior gap, healthy lifestyle, gender motivation.

References

1. Ajzen, I. (1991) 'The theory of planned behavior', *Organizational Behavior and Human Decision Processes*, 50(2), pp. 179–211.
2. Aristotle (1998) *Politics*. Translated by C.D.C. Reeve. Indianapolis: Hackett Publishing.
3. Baudrillard, J. (1981) *Simulacra and Simulation*. Paris: Galilée.
4. Bourdieu, P. (1986) 'The forms of capital', in Richardson, J. (ed.) *Handbook of Theory and Research for the Sociology of Education*. New York: Greenwood Press, pp. 241–258.
5. Braun, V. and Clarke, V. (2006) 'Using thematic analysis in psychology', *Qualitative Research in Psychology*, 3(2), pp. 77–101.
6. Coakley, J. (2009) *Sports in Society: Issues and Controversies*. 10th edn. New York: McGraw-Hill.
7. Creswell, J.W. and Plano Clark, V.L. (2011) *Designing and Conducting Mixed Methods Research*. 2nd edn. Thousand Oaks: SAGE Publications.
8. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R. and Nacke, L. (2011) 'From game design elements to gamefulness: defining gamification', in *Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference*. New York: ACM, pp. 9–15.
9. Durkheim, E. (1893) *The Division of Labour in Society*. London: Macmillan.
10. Giulianotti, R. (2004) *Sport and Modern Social Theorists*. London: Palgrave Macmillan.
11. Locke, J. (1693) *Some Thoughts Concerning Education*. London: A. and J. Churchill.
12. Plato (2007) *The Republic*. Translated by D. Lee. London: Penguin Classics.
13. Sheeran, P. and Webb, T.L. (2016) 'The intention-behavior gap', *Social and Personality Psychology Compass*, 10(9), pp. 503–518.
14. Weber, M. (1905) *The Protestant Ethic and the Spirit of Capitalism*. London: Allen & Unwin.
15. World Health Organization (2022) *Global status report on physical activity 2022*. Geneva: WHO Press.
16. Abdiraimova, G.S. (2018) 'Sotsial'naya mobil'nost' kazakhstanskoy molodezhi: zdorov'e i sport faktory', *Vestnik KazNU im. al-Farabi. Seriya sotsiologii i politologii*, (3), pp. 45–53 [in Russian].
17. Sadyrova, M.S. (2020) 'Tsennostnye orientatsii molodezhi v otnoshenii zdorovogo obraza zhizni', *Obshchestvo i epokha*, (2), pp. 112–121 [in Russian].
18. Zhashtar gylymi-zertteu ortalygy (2023) *Qazaqstan zhastarynyng qundylyqtary men omirlik bagdarlary: zhyldyq bayandama*. Astana: Zhashtar GZO [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет

Налшыбек А.Б. – «Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Әлқожа Р.Ә. – хат-хабар авторы, «Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Салиқжанов Р.С. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах

Налшыбек А.Б. – докторант PhD по специальности «Социология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича 6, Астана, Казахстан.

Әлқожа Р.Ә. – автор для корреспонденции, докторант PhD по специальности «Социология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича 6, Астана, Казахстан.

Салиқжанов Р.С. – кандидат социологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича 6, Астана, Казахстан.

Information about the authors

Nalshybek A. – Sociology PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Alkozha R. – corresponding author, Sociology PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Salikzhanov R.S. – Candidate of Sociology science, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).